


АКТУАРЛЫҚ ТАЛДАУ: ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ТРЕНДТЕР ЖӘНЕ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫНЫҢ АҒЫНДАРЫ



01.01.2025 ЖЫЛҒА ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛ

Жыныс-жас пирамидасы



Халық саны: 20 283 399 адам (1,23%)* ▲


Жас топтары бойынша халық үлесі:

- 25 жасқа дейін: 8 682 602 адам (42,8%;▲ 0,2%)
- 25 – 65 жас: 9 730 921 адам (48,0%;▼ -0,5%)
- 65 жастан жоғары: 1 869 876 адам (9,2%; ▲ 0,3%)

Туу кезінде күтілетін өмір сүру ұзақтығы:

- Халықтың жалпы саны: 75,44 жас (▲0,35 жыл)
- Ерлер: 71,33 жас (▲0,34 жыл)
- Әйелдер: 79,42 жас (▲0,36 жыл)

Нақты және болжамды халық саны



2050 жылға күтілетін халық саны – шамамен 26,5 млн. адам

БЖЗҚ есептеулеріне сай:

- (1) **2024 жылдан бастап 2050 жылға дейін Қазақстан халқының болжамды өсімінің шамамен 66%-ы «демографиялық импульс» немесе қазіргі адам жасының құрылымының арқасында болады**, яғни елімізде бала туу 2,1 қарапайым буын алмасу деңгейіне дейін күрт төмендесе де халық өсімі болады (қызыл үзік қисықты қараңыз);
- (2) болжамды өсімнің қалған **34%-ы** қарапайым алмасу деңгейінен жоғары тууға және келешекте өмір ұзақтығының артуына байланысты.





ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҢ ҚАРТАЮУЫ

1990 жылы тіркелген деректерге сай
(16 млн)

2000 жылы тіркелген деректерге
сай(15 млн)

2024 жылы тіркелген деректерге
сай (20 млн)

2050 жылы тіркелген деректерге сай
(26 млн)



*Дереккөз: United Nations, Department of Economic and Social Affairs, Population Division (2022). World Population Prospects 2022

Қазақстан халқы екі факторға байланысты қартаюда:

- 1 Туу көрсеткіштерінің төмендеуі: БҰҰ 2050 жылға қарай туу коэффициенті 2,80-нен 2,39-ға (әлемде 2,15) дейін төмендейді деп болжап отыр.
- 2 Өмір сүру ұзақтығының ұлғаюы

ӘҚК – еңбекке қабілетті жастағы адамдардың зейнеткерлерге ара қатынасы

Халық санының өсуіне қарай елдегі қарт адамдардың үлесі тұрақты артатын болады:

1) **60 жас және одан жоғары** жастағы адамдардың үлесі ағымдағы 13,9%-дан 2050 жылға қарай 18,8%-ға өседі;

2050 жылы орта есеппен әрбір бесінші қазақстандық 60 жаста немесе одан жоғары жаста болмақ.





2024 демографиялық қартаюдың бастапқы деңгейі



2050 демографиялық қартаюдың жоғары деңгейі

2) **65 жас және одан жоғары** жастағы адамдардың үлесі ағымдағы 9,2%-дан 2050 жылға қарай 13,6%-ға өседі.

Еңбекке қабілетті жастағы (25-64) адамдардың зейнеткерлерге қатынасы (65+) біржарым есе төмендейді:



ХАЛЫҚТЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҚАРТАЮЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК




Халықтың демографиялық қартаюы – жалпы халық санындағы қарт адамдар үлесінің артуы

Божё-Гарнье-Россетаның демографиялық қартаю шкаласы

60 жас және одан жоғары жастағы адамдардың үлесінің нақты саны мен болжамды көрсеткіші:

Кезең	60 жас және жоғары жастағы адамдардың үлесі, %	Халықтың қартаю деңгейінің кезеңдері
1	< 8	Демографиялық жастық
2	8-10	Кәріліктің алғашқы қарсаңы
3	10-12	Қартаю алды
4	12 және жоғары	Демографиялық қартаю
5	12-14	Демографиялық қартаюдың бастапқы деңгейі
6	14-16	Демографиялық қартаюдың орташа деңгейі
7	16-18	Демографиялық қартаюдың жоғары деңгейі
8	18 және жоғары	Демографиялық қартаюдың өте жоғары деңгейі




БЖЗҚ, сондай-ақ БҰҰ болжауына сай:

- Қазақстанда 2050 жылға қарай Ж. Божё-Гарнье – Э. Россеттің демографиялық қартаю шкаласына сәйкес демографиялық қартаюдың жоғары деңгейі байқалатын болады. 60 жас және одан жоғары жастағы адамдардың үлесі 18,8%-ға жетеді.
- 2050 жылға қарай орта есеппен әрбір бесінші қазақстандық 60 жаста немесе одан жоғары жаста болатынын көрсетеді.




ӘЛЕУЕТТІ ҚОЛДАУ КОЭФФИЦИЕНТІ, ӘЛЕМ ЕЛДЕРІ

2021 жылғы деректерге сай



2050 жылғы болжамға сай




БҰҰ болжамына сай әлемнің көптеген елдерінде әлеуетті қолдау коэффициенті төмен деңгейде болмақ.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ: САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ


Сақтандыру (балдық) жүйелері

Әлемдегі зейнетақыны сақтандыру жүйелерінің жарна үлесі:

- 18,6% – Германия
- 20,0% – Эстония
- 21,84% – Ресей Федерациясы



Дереккөз: Марий Эл республикасы бойынша РӘҚБ басқарушысының орынбасары, И.Н.Захаровтың баяндамасы




Дереккөз: Н.А.Добролюбов ат. ТМЛУ құрметті профессоры, Эссен қаласының ресей-герман қоғамының төрағасы (Германия) Б. Лахляйн баяндамасы

Оңтүстік Кореяның Ұлттық зейнетақы қоры міндетті әлеуметтік сақтандыру шеңберінде әлемдегі көлемі бойынша үшінші орын алатын зейнетақы қорын құрып отыр. Зейнетақы сақтандыруын қаржыландыру үшін жалпы жарнаның 9%-ы бөлінеді

Демографиялық өзгерістер:

Туудың төмен деңгейі мен халықтың қартаюының жоғары деңгейі

- Ұлттық зейнетақы қорының қаржылық тұрақтылығының бұзылуы және болашақ ұрпаққа жүктеменің артуы
- Үш онжылдықта ұлттық зейнетақыны алушылар саны **8 есеге** артты: 1993 жылы 584 мың адамнан 2023 жылдың соңына қарай 7,6 млн адамға дейін
- Зейнетақы қоры **2041 жылға дейін 1,8 трлн вонға (1,354 млрд АҚШ доллары) дейін көбейеді**




2025-2027 жж. Нидерландықтардың барлық зейнетақы қорлары (MCGPI рейтингіне сай 1-орын) DB дәстүрлі жүйесінен DC-ке өтеді

ТҰРАҚТЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕЛЕРІНЕ ӨТUDІҢ ҒАЛАМДЫҚ ТРЕНДІ

ӨТПЕЛІ КЕЗЕҢНІҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

- ✓ **Өмір сүру ұзақтығының ұлғаюы** DB (defined benefits) типіндегі зейнетақы жүйелері бойынша міндеттемелердің өсуіне әкеледі
- ✓ **Жұмыспен қамту құрылымының өзгеруі** (өзін-өзі жұмыспен қамтушылар санының артуы, цифрландыру және бейресми сектордың өсуі)
- ✓ **Қаржы нарығындағы өзгерістер (ұзақ мерзімді пайыздық мөлшерлеменің төмендеуі)** DB жүйесінде тіркелген төлемдер бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді

DB және DC ЖҮЙЕЛЕРІНДЕГІ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ӨСУ ДИНАМИКАСЫ



Global Pension Assets Study 2024, Thinking Ahead Institute research, Willis Towers Watson

ІСКЕ АСЫРЫЛАТЫН БАЛАМАЛЫ РЕФОРМАЛАР

СОҢҒЫ 30 ЖЫЛДА:

- 67 ел** – зейнетақы жасын арттырды
- 69 ел** – зейнетақы есептеулерін түзетту (қысқартты)
- 83 ел** – жарналар мөлшерлемесін ұлғайтты (PAYGO)

ЭЫДҰ, ӘБ, ХЕҰ ҰСЫНЫМДАРЫ:

- ✓ **Көпдеңгейлі зейнетақы жүйелерін құру**
- ✓ **Мемлекет, қызметкер және жұмыс беруші арасында зейнетақымен қамсыздандыруға жауапкершілікті бөлу**

МСGPI ҒАЛАМДЫҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ ИНДЕКСІ (2024 ЖЫЛ)



Зейнетақы жүйелері 50-ден астам индикаторлар бойынша бағаланады. 2024 жылы әлемнің 48 елінің ЗЖ баға берілді
Суб-индекстердің мәні 0-ден 100-ге дейін түрленеді, мұндағы 100 ең үздік нәтиже

I СУБ-ИНДЕКС (40%)

Лайықтылық:

- Зейнетақы төлемдерінің мөлшері
- Зейнетақы жүйесінің архитектурасы
- Зейнетақы жинақтары
- Мемлекеттік қолдау
- Иеліктегі үй деңгейі
- Өсетін активтерге инвестициялар

I суб-индекс бойынша үздік нәтижелері бар елдер:

**Нидерланды (86,3), Франция (84,8),
Дания (84,0)**

II СУБ-ИНДЕКС (35%)

Тұрақтылық:

- Зейнетақы жүйесін қамту
- Зейнетақы активтері
- Демографиялық жағдай
- Мемлекеттік шығыстар
- Мемлекеттік қарыз
- Экономикалық өсім

II суб-индекс бойынша үздік нәтижелері бар елдер :

**Исландия (84,3), Дания (82,6),
Израиль (82,6)**

III СУБ-ИНДЕКС (25%)

Тұтастық:

- Реттеу
- Басқару
- Қорғау және құпиялылық
- Коммуникациялар
- Операциялық шығыстар

III суб-индекс бойынша үздік нәтижелері бар елдер :

**Финляндия (90,8), Норвегия (88,3),
Гонконг (87,5)**

Mercer CFA Institute Global Pension Index



Үздік жалпы нәтиже: Нидерланды (84,8), Исландия (83,4), Дания (81,6)

Қазақстанның жалпы нәтижесі 64,0 балл (рейтингідегі 24 орын) – Лайықтылық (45,8), Тұрақтылық (73,1), Тұтастық (80,4)

Қазақстан Гонконг, Испания, Сауд Араб, АҚШ, Польша, Қытай және т.б. елдерді басып озды.

Қазақстанның ЗЖ зейнетақы төлемдерінің мөлшерін арттыру, зейнетақы жинақтарын сақтау және т.б. бөлігінде «Лайықтылық» суб-индексімен белгіленген бағыттар бойынша дамытуды талап етеді.



ALLIANZ ҒАЛАМДЫҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЕСЕБІ (ЗЕЙНЕТАҚЫ ИНДЕКСІ – ӘЛЕМНІҢ 71 ЕЛІНІҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕЛЕРІ)



1 ең үздік нәтижемен 1-ден 7-ге дейінгі шкала бойынша 40 параметр

Демографиялық және фискалдық факторлар, сондай-ақ зейнетақы жүйелерінің тұрақтылығы мен лайықтылығы тұрғысынан зейнетақы жүйелеріне кешенді талдау жүргізу. API зейнетақы индексі жүйелі түрде шығарылмайды, 2 жылдан 4 жылға дейінгі интервалмен шығарылады, соңғы шығарылым 2025 жылғы қаңтар айында жарияланған.



I СУБ-ИНДЕКС (20%)

Негізгі талаптар:

- **Өмір сүру деңгейі (40%):** жалпы әл-ауқат деңгейі (50%), медициналық қызметтердің қолжетімділігі (30%) және қоғамның ілгерілеу деңгейі (20%);
- **Қаржы және демография (60%):** қаржылық еркіндік (40%) және демографиялық өзгерістер (60%)

I суб-индексі бойынша үздік нәтижелері бар елдер:
БАӘ (2,3), Австралия (2,6), Швеция (2,9)

II СУБ-ИНДЕКС (40%)

Тұрақтылық:

- **Алдын ала талаптары (60%):** зейнет жасы (80%) және жарналардың ең аз кезеңі (20%);
- **қаржы (40%):** қаржыландыру (70%) және зейнетақы формуласы (30%)

II суб-индексі бойынша үздік нәтижелері бар елдер:
Индонезия (2,1), Дания (2,3), Жапония (2,4)

III СУБ-ИНДЕКС (40%)

ЗЖ Лайықтылығы:

- **Бірінші деңгей (50%):** зейнетақы жүйесімен қамту (70%) және зейнетақы жүйесінің жәрдемақы деңгейі (30%);
- **Басқа зейнетақы кірістері (50%):** екінші компонент (20%), қаржы активтері (70%) және табысты жұмыспен қамту (10%)

III суб-индексі бойынша үздік нәтижелері бар елдер:
Нидерланды (1,7), Дания, Жаңа Зеландия (2,0),



Үздік жалпы нәтиже: Дания (2,3), Нидерланды, Швеция (2,6), Япония (2,7), Жаңа Зеландия (2,8)

Қазақстанның жалпы нәтижесі– 3,5 балмен 26 орын, I суб-индексі бойынша – 4,1, II – 3,6, III – 3,2.

Чили, Сингапур, Гонконг және басқа елдерді басып озды. Нәтижелер Қазақстанның зейнетақы жүйесінің индексте ұсынылған басқа елдермен салыстырғанда зейнетақы төлемдерінің тұрақтылығы мен жеткіліктілігінің салыстырмалы орташа деңгейіне ие екендігін білдіреді.

ӘЛЕМДЕГІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕЛЕРІ ҮШІН САРАПШЫЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ ҰСЫНЫМДАРЫ

MSGPI ұсынымдары:

- 
- **Жалдамалы қызметкерлерді** (жұмыспен қамтудың жаңа нысандарын қоса алғанда) **және өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдарды** жеке зейнетақы жүйесімен қамтуды ұлғайту
 - Өмір сүру ұзақтығының ұлғаюын ескере отырып, **мемлекеттік зейнетақы жасын және/немесе зейнетке шығу жасын арттыру**
 - Зейнет алды және зейнет жасындағы азаматтардың **жұмыспен қамтылуын ынталандыру**
 - **Мемлекеттік зейнетақыға болашақ тәуелділікті азайту мақсатында** зейнетақы жүйесі шеңберінде де, одан тыс жерлерде де жеке жинақтардың жоғары деңгейлерін **көтермелеу**
 - **Гендерлік зейнетақы алшақтығын азайту** шараларын енгізу
 - **Зейнетақы жинақтарының мерзімінен бұрын кетуін азайту**, осылайша жинақталған қаражаттың сақталуына кепілдік беру
 - **Жеке зейнетақы жоспарларын басқаруды жақсарту және жоспарға қатысушылардың сенімін арттыру үшін ашықтықты енгізу**


Allianz Pension Index (API Allianz) Индекс ұсынымдары:

- 
- Зейнетақы жүйесінің тұрақтылығы мен зейнетақы төлемдерінің жеткіліктілігін қамтамасыз ету үшін **мемлекеттік (PAYG) және жинақтаушы зейнетақы (FFDC) арасында дұрыс балансты табу және үйлестіру**
 - ЖЗЖ барлық қатысушылары үшін жарналар мөлшерлемесін ұлғайтуды, міндетті зейнетақы жарналарды енгізуді, толық зейнетақы алу үшін жарналардың ең төменгі кезеңін ұлғайтуды қоса алғанда, **зейнетақы жүйесінің жинақтаушы компонентін енгізу және дамыту**
 - **Тиімді қызмет ететін еңбек нарықтарын құру, халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру және қаржы қызметтеріне қолжетімділік арқылы ресми жұмыспен қамту үлесін кеңейту**, қартаятын еңбекке қабілетті халықтың қажеттіліктеріне еңбек нарықтарын бейімдеу және жас дискриминациясымен (эйджизм) күресу
 - Зейнетке шығуды кейінге қалдыру үшін ынтаны енгізуді қоса алғанда, **еңбек нарығына қарт адамдардың қатысу деңгейін арттыру**
 - **Күтілетін өмір сүру ұзақтығына зейнет жасын байланыстыру** (заңнамалық деңгейде бекітілген автоматты түзету)

Жарна мөлшерлемесі мен қатысу өтіліне байланысты ТАК корреляциясы



Жарналардың мөлшерлемесі мен жүйелілігіне байланысты табысты алмастыру коэффициентін (ТАК) стохастикалық модельдеу (95% ықтималдықпен)



Белгіленген ықтималдық дәрежесі бар нысаналы ТАК-қа қол жеткізу үшін зейнетақы жарналарының мөлшерлемелері, %-бен

		Табысты алмастыру коэффициентінің (ТАК) нысаналы деңгейі			
		10	20	30	40
Қатысу өтілі, жыл	20	10,0	19,8	29,2	38,1
	30	6,0	12,0	18,0	24,0
	40	4,3	8,7	13,0	17,5

30%-бен (95% ықтималдықпен) ТАК қамтамасыз ету үшін жарналарды:

- 40 жылдық кезеңде 13% мөлшерде төлеу
- 30 жылдық кезеңде 18% мөлшерде төлеу

*Дереккөз: OECD REVIEWS OF PENSION SYSTEMS: MEXICO © OECD 2015

2024 жылы зейнетке шығатын және ЖЗЖ-да 20 жылдық өтілі бар БЖЗҚ салымшыларының:

- соңғы 5 жылда кірістен орташа 13% ТАК қамтамасыз ететін жинақтары бар
- соңғы 5 жылда кірістен медиан бойынша 11% ТАК қамтамасыз ететін жинақтары бар

Нақты деректер ЭЫДҰ актуарлық есептеулерімен келісіледі.

Халықаралық тәжірибе: зейнетақы жарналарының орташа мөлшерлемесі:

- 18,2% - ЭЫДҰ елдері (2022)
- 20,7% - 10 үздік MCGPI индекс елдері (2024)

2024 жылы ЖМЗЖ енгізу **дұрыс шешім** болды, ЖМЗЖ жарналарын жинақтаушы зейнетақы жүйесінде **сақтау** қажет